

## Қарабалық ауданы Победа ауылдық округінің Победа ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 мамырда № 7739 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына, Победа ауылдық округінің Победа ауылы халқының пікірін ескере отырып облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде, Победа ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарабалық ауданы Победа ауылдық округінің Победа ауылында Ленин көшесін Бәйтерек көшесіне қайта атауға.

2. "Победа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Победа ауылдық округінің әкімі*

*С. Айқадамов*